

ISSN 1999-4214 (print)
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№2/2024

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2024

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 19.06.2024 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 19.06.2024ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editorial Board

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
- Yesirkeпова K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryshzhan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 19.06.2024 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

ALIASKAR A.	Challenges of bilingualism: code-switching and language dominance	7
АМИРОВА Г.О., БОРАНБАЕВ С.Р.	«Әз-Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткішіндегі қабыса байланысқан есімді тіркестер	16
ӘДІЛОВ М.Е.	Қазақ тіліндегі кейбір ақша атауларының түп-төркіні мен бастапқы мағынасы	25
KURMANBEKOVA Z.R., ONER M.	Linguistic features of communication and texting in social networks	37
МАМЫРБЕК Г., МАЛБАҚОВ М., СЕЙІТБЕКОВА А.	В. Радлов сөздігіндегі байырғы сөздердің семантикалық ерекшеліктері	49
НҰРДӘУЛЕТОВА Б.И.	Маңғыстау топоареалындағы діни топонимдер	59
YANG. L., SHARIPOVA G.S., OMIRBEKOVA Zh.K.	Recreation of ethnocultural vocabulary in S. Maugham’s work «The moon and sixpence»	69

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АБИЛДАЕВА А.Д., АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә., МИРЗАХМЕТОВ А.А.	Бинарлық оппозицияның актанттық көрінісі	80
АЛИМБАЕВ А.Е. ОСЕРОВ Б.М.	Қожа Ахмет Ясауи және Абай Құнанбайұлы шығармаларындағы ізгіліктің жырлануы	90
ДОСМАҒАНБЕТОВА Г.Ж., БЕЙСЕНОВА Ж.С.	Описательные стратегии в травелогах Ади Шарипова	98
ЖАЛЕЛОВ Д.С., ӘЛТАЙ А.Д.	Доспамбет жырау толғауларындағы экзистенциялық мән	109
КАЗНҰТАУ В.К., ОРАЗБЕК М.С.	Охуморonic interpretation of the postcolonial personality	119
KENZHEKOZHAYEVA A., МАМБЕТОВ ЗН.О.	The image of kozhanasyr in folklore of world literature.....	127
ҚАБЫЛОВ Ә.Д., БҮРКІТБАЕВА А.С.	Ә. Кекілбаев әңгімелеріндегі образ табиғаты	135

ПІРӘЛІ Г.Ж., ҚҰРМАНБАЙ А.П., СӘРСЕНБАЕВА Ж.Б.	Нәзипа Құлжанова мен Мұхтар Әуезовтің Абайтану ғылымын қалыптастырудағы рөлі.....	148
ТУЛЕБАЕВА Қ.Т.	Абай қарасөздеріндегі білім-ғылым концептісін тезаурустық талдау	160
ТУЛЕУОВА Р.Г., САРБАСОВ С.Б.	«Оғыз-наме» кітаби эпосының фольклорлық сипаты	169
ТУСИПОВА Г.Б. СОЛТАНАЕВА Е.М.	Тұрағұл Абайұлының көркем аудармадағы ұстанымы	181

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

ДОСАНОВА А.М., ЖҰМАТАЕВА З.Н., АШИРХАНОВА Қ.М.	Білім беру үдерісіне жасанды интеллектіні кіріктіру: тілдерді оқыту	191
ИБРАЙМОВА Л.А., РЫСҚҰЛБЕК Д.Ж., ЕРТАЕВА П.Қ.	Бала тілінің лексикалық нормадан ауытқу динамикасын зерттеу: әлеуметтік лингвистикалық талдау	202
ОРАЗ А.Н., МАЛИКОВ Қ.Т., ХАЛИКОВА Н.С.	Мнемотехника қазақ тілін үйретуде лексикалық дағдыларды қалыптастыру құралы ретінде.....	211

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ -
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ -
METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

XFTAP 16.21.25

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-2.19>

А.М. ДОСАНОВА¹ 

З.Н. ЖҰМАТАЕВА² 

Қ.М. АШИРХАНОВА³ 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан¹

Назарбаев университеті, Астана, Қазақстан²

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау, Қазақстан³

(e-mail: adossanova@gmail.com¹, zzhumatayeva@nu.edu.kz²,
k.ashirkhanova@gmail.com³)

***БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ КІРІКТІРУ:
ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУ**

Аңдатпа. Мақала қазіргі кезде өте қарқынды дамып отырған жасанды интеллект ұғымы, Open AI ұсынған чат GPT, оны қолданудың өзіндік ерекшеліктерін сипаттауға арналған. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуымен жасанды интеллект қазіргі заманғы білім беру саласындағы зерттеулердің өзекті тақырыбына айналды. Қазіргі уақытта жоғары білім беруді дамытудың негізгі тенденциясы инновациялық білім беруді жан-жақты дамыта отырып, оның сапалы әрі тиімді білім беруге интеграциялануын қамтамасыз ету болып табылады.

Жасанды интеллект ретінде AI агенттерін пайдалану қосымша ресурстарды, жекелендірілген қолдауды және қосымша оқу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету арқылы білім беру процесін айтарлықтай жылдамдатады. Университеттерде тілдерді оқытуда жасанды интеллект технологияларын қолдану сонымен қатар олардың студенттер үшін де, оқытушылар үшін де артықшылықтары ғылымда және білім беру үдерісінде қолданудың мысалдары сарапталады.

ҚР жоғары оқу орындарында және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде жасанды интеллектті қолдану бойынша ЖОО аралық стандарт талқыланып, ондағы тиімді тұстары мен оқытушылардың кәсіби біліктіліктерін арттыру мәселесі де қаралады. Білім берудегі жасанды интеллектке қатысты нормативті құжаттар мен этикалық мәселелер сипатталады. Жасанды интеллекттің білім беруде тиімді интеграциялаудың бірнеше алғышарттары ұсынылады.

Түйін сөздер: Chat GPT, жасанды интеллект, интеграция, нейрожелілер, нормативтік құжаттар, этикалық мәселер.

* Мақала Халықаралық Түркі Академиясы қаржыландыратын ТА-RP/P-2024-8 «Түркі тілдерін оқыту жүйесіне жасанды интеллект және цифрлық технологияларды тиімді интеграциялау: тілоқытушыларының кәсіби біліктілігін арттыру (қазақ, қырғыз, өзбек тілдері бойынша)» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Кіріспе. Білім берудің цифрлық трансформациясының мәні әрбір білім алушының жасанды интеллект әдістерін, виртуалды шындық құралдарын қолдануды білу, цифрлық технологиялардың дамып келе жатқан әлеуетін пайдалану негізінде білім беру үдерісін дербестендіру есебінен қажетті білім беру нәтижелеріне қол жеткізуінде болып отыр.

Жасанды интеллект (Artificial intelligence, AI) терминін американдық информатик Джон Маккарти 1956 жылы енгізген. Жасанды интеллект (AI) интеллектуалды жүйелер мен алгоритмдердің адам дәстүрлі түрде орындайтын шығармашылық функцияларды жүзеге асыру қабілетін білдіреді. Жасанды интеллекттің негізгі міндеті – қол жеткізуге болатын танымдық процестерді интеллектуалды модельдеу» [1, 137].

«Жасанды интеллекттің дамуына тосқауыл болу мүмкін емес. Бірқатар міндеттер нейрондық желілер адамға қарағанда бірнеше есе тиімді және дәлірек шешіледі, бұл жақын болашақта көптеген жұмыс орындарын толық автоматтандыруға мүмкіндік береді» [2, 258].

Ақпараттық технологиялардың, жасанды интеллекттің қарқынды дамуымен қазіргі дамудың өзекті зерттеу тақырыбына айналды. Қазіргі уақытта жоғары білім беруді дамытудың негізгі тенденциясы инновациялық білім беруді жан-жақты дамыта отырып оның сапалы әрі тиімді білім беруге интеграциялануын қамтамасыз ету болып табылады.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Жалпы ХХІ ғасыр білім беру жүйесі білімнің интеграциялануы мен инновациялық технологияларды қолданумен ерекшеленеді. Осы мақалада жасанды интеллектке қатысты ғылыми теориялық, әдістемелік еңбектердің негізгі ұғымдарын жинақтау, түсіндіру, талдау, саралау, сипаттау әдіс-тәсілдерін басшылыққа ала отырып түсіндіріледі.

Қазіргі өмірдегі бәсекеге қабілетті интеллектуалды адам капиталының қалыптасуындағы әлемдік озық инновациялық оқу әдістемелерін, оқытудың жаңаша модельдік үлгілердің пайда болуы, жаңа форматқа көшуі және жаңалықты енгізу үдерісіне басшылық жасау мәселелерін зерттеу маңыздылығы шетел ғалымдары: Н.В. Горбунова мен М.В. Кларин [3, 56] зерттеулерінде қарастырылған.

Инновация саласындағы американдық және кейбір еуропалық зерттеулерге кеңінен шолу жасау негізінде шығарған Э.М. Роджерстің ұғымына назар аударайық: «Инновация нақты бір тұлға үшін мүлдем жаңа болып табылатын идея. Бұл идеяның объективті жаңа немесе жаңа емес екендігі маңызды емес, оның маңыздылығы идеяның туындағаннан немесе алғашқы қолданысқа енгеннен бері өткен уақыт бойыншы анықталады», – десе, ал ғалым Майлстың берген анықтамасы бойынша: «Инновация – жүйелі мақсаттарды жүзеге асыру барысында үлкен тиімділікке жетелейтін ерекше жаңа, айрықша маңызды өзгеріс» [4], – деп жазады. Кез келген мемлекеттің дамуы дәстүрлі өлшем тұрғысынан алғанда экономикалық және әлеуметтік өлшемімен бағаланса, ал біздің дәуіріміз білімнің, ғылымның және оның нәтижелері ретіндегі инновацияланумен бағаланады. Бұл қазіргі әлемнің бәсекеге қабілеттілігінің басты өлшемі. К. Құдайбергенова «инновацияны» – нақты қойылған мақсатқа сай алынған жаңа нәтиже деп есептеп, төмендегідей аудармалар жасаған: «инновация» – жаңарту, «нововедение» – енген жаңалық, «новое» – жаңа, «новшество» – жаңалық, «инновационный процесс» – жаңарту үдерісі [5, 96-97]. Инновация мәселелерімен айналысып жүрген бірқатар ғалымдардың еңбектерін, жазған анықтамаларын талдай келе, бұл ұғымның түп-төркінін белгілі уақыт арасында жаңашыл идеяны қайта қарау, жаңалау дегенді негізге ала отырып, инновацияны «жаңалық», «жаңа әдіс», «өзгеріс», «әдістеме», «жаңашылдық», ал инновациялық үдерісті «жаңа әдістеме құралы», – деп анықтағанын байқауға болады.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» [6, 5], – деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін

білім беру ұйымдарының жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге, жаңа практикаға әрі жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттілігі туындайды.


Ғалым Е.Н. Дмитриеваның пайымдауынша, қазіргі заманғы компьютерлік техникалар мен ақпаратты беру құралдарын адамның қызметінің әртүрлі салаларына оның тиімділігін арттыру мақсатымен енгізу – осы қызметті жүзеге асырудың мүлде жаңа тәсілдерін тудырады [7, 83]. Білім беру саласының айқын басым бағыты ретіндегі ықпалдастыққа қарай ұмтылу – білім берудегі әлемдік біртұтас кеңістікке енудің қажеттігін білдіретінін атап өту керек. Осыдан, мамандардың қызмет етуінің әртүрлі салаларында, әсіресе, білім беруде ең жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың күн өткен сайын маңызы артып келеді.

Талқылау мен бақылау. Қазіргі таңда расында ЖИ білім беру жүйесінде көптеген жаңа мүмкіндіктермен жетілдірілген нейрожелілерге негізделген бағдарламалар, қосымшалардың айтарлықтай артқандығын байқаймыз.

Жасанды интеллект технологиялары бүгінде әлемдік экономиканың дамуын анықтайды. Оларға салынған инвестициялар АҚШ-тағы венчурлық капиталдың негізгі инвестицияларын құрайды. Осындай бум Еуропада, Жапонияда, Қытайда орын алуда [8, 7]. Халықаралық сарапшылардың бағалауы бойынша, жасанды интеллект технологияларына инвестициялар 2014 жылдан 2017 жылға дейін үш есеге өсіп, шамамен 40 млрд. 2018 жылы жасанды интеллект негізінде әзірленген технологиялық шешімдердің әлемдік нарығы 21,5 млрд, сарапшылардың болжамы бойынша 2024 жылға қарай 140 млрд. Жасанды интеллект негізінде әзірленген технологиялық шешімдерді экономиканың әртүрлі салаларына және қоғамдық қатынастар салаларына енгізудің арқасында 2024 жылы әлемдік экономиканың өсуі кемінде 1 трлн АҚШ долларын құрайды деп күтілуде. Соңғы онжылдықта AI жүйелерінің мүлдем жаңа кластары мен түрлері пайда болды [9, 14-15].

«Amazon, Echo сияқты компаниялар бір уақытта бірнеше интеллектуалды функциялар мен мүмкіндіктерді біріктіре алады: сөйлеуді тану, белгілі бір пайдаланушы туралы жеке ақпаратты талдау және оны қандай да бір негізгі деңгейде түсіндіре білу, интернетті іздеуге және онлайн сатып алуға көмектесу және т.б. Арнайы датчиктермен жабдықталған жасанды интеллект және роботтық жүйелер, олар қоршаған физикалық әлемнің әртүрлі параметрлері мен деректерінің өзгеруіне, мысалы, температура, ауа ылғалдылығы, қысым және т. б. талдауға және бақылауға немесе жедел жауап беруге мүмкіндік береді, пилотсыз автоматтандырылған көлік құралдарын қолдану, өзін-өзі оқытатын ЖИ-фактологиялық ақпаратты білуді талап ететін әртүрлі сұрақтарға жауап бере алатын жүйелер. GoogleAlphaGo 2016–2017 жж ойында жоғары дана кәсіпқойларын жеңе алды, 2011 жылдан танымал jeopardy телевизиялық викторина ойынында әлемнің үздік ойыншысы атанған IBM компаниясының Wolfram Research компаниясы құрған Wolfram|Alpha-ұқсас интеллектуалды профильдің әмбебап ресурсы әртүрлі интеллектуалды ойындардың (шахмат, дойбы, реверси) жеңімпаздарын жеңді. Ойынға үйретілген ЖИ-ке негізделген өзін-өзі оқытатын ЖИ жүйелері өте қарқынды дамуда» [10, 18].

Нәтижелер. Қасым–Жомарт Тоқаев: «По оценкам экспертов, к 2026 году инструментами искусственного интеллекта будут пользоваться уже более 80 процентов предприятий в мире. Сегодня – менее 5 процентов. Мы уже сейчас стали свидетелями глобальной трансформации в медицине, образовании, креативных индустриях. Развитие искусственного интеллекта может стать движущей силой экономического прогресса и внедрения инноваций в нашей стране. Для этого необходимо создать базовую институциональную среду» (<https://tengrinews.kz/> 07.02.2024).



Сурет 1 – Жасанды интелектке негізделетін қосымшалар

Білім алаушылар болашақ маман ретінде интелект дәуірінде инновациялық технологияларды меңгерген таланттарды дамытудың негізгі күші болып табылады.

Қазіргі кезде жасанды интелект пен қалыпты білім берудің терең интеграциялық негізін құру және қалыпты білім беруді дамытудың төрт негізгі мәселесін шешу үшін жасанды интелект технологиясын қолдану идеясын қарастырамыз.

Жасанды интелект пен қалыпты білім беруді интеграциялаудың дизайнерлік идеясымен ұштастыра отырып, бұл жұмыс практика барысында туындауы мүмкін мәселелерді қарастырады және тиісті шешімдерді ұсынады [11].

Shuixing H. (2011) білім берудің мультимедиялық болуына қатысты келесі ойды білдереді: «Білім беруде мультимедиялық және желілер арқылы білім беру мазмұнын көрсетуге мүмкіндік беретін жасанды интелект технологиясы кеңінен қолданылуы керек» [12] десе, P. Kavitha, B. Moorthy., P. Sudharshan жасанды интелектке негізделген оқытуды қолдай отырып: «қазіргі заманғы технологиялық әлемде білім беру басым рөл атқарады. Бұл өмірдегі жақсы жетістіктерге қол жеткізу үшін әртүрлі мүмкіндіктерді ашады, сонымен қатар мансаптық өсуге ықпал етеді. Оқыту саласында қолданылатын әртүрлі педагогикалық әдістер студенттер арасында білімді қалыптастыру, үйрету және бөлісу міндеттерін қолдайтын жаңа сапаны тудырады» [13] – дейді. Демек, оқу процесін оңтайландыру үшін білім беру мен жасанды интелектіні байланыстыра алуымыз керек.

GPT – бұл (Generative Pre-trained Transformer) өзін-өзі жетілдіре алатын және өңдеу алгоритмдерін пайдалана отырып, мәтінді генеризациялау, өзгерту мақсатында жасалған көмекші технология. Алғашқы рет GPT модельдері Open AI компаниясы тарапынан жарияланған және олар жасанды интелектік модельдер болып табылады. Open AI ұсынған (қараша, 2022) GPT-ді қолдану қазір өте қарқынды дамып, студенттер арасында кеңінен танылды. Оның мүмкіндіктері өте көп. GPT чат-боттың <https://chat.openai.com/> өзіне сен қандай мүмкіндіктерге иесің?- деген қарапайым сауалға жауабын 1-кестеден көруге болады.

Кесте 1 – Чат GPT-дің өзі сипаттаған қызмет көрсеткіштері

Қызмет көрсеткіші	Сипаттамасы
Үдерісті автоматтандыру	ЖИ көптеген күнделікті тапсырмаларды автоматтандыруға мүмкіндік береді, адамдарды монотонды жұмыстан босатады және өнімділікті арттырады.
Деректерді талдау және болжау	ЖИ үлкен көлемдегі деректерді өңдеуге және олардағы заңдылықтарды табуға қабілетті, бұл қаржы, медицина, маркетинг және т. б. сияқты әртүрлі салаларда нақты болжамдар мен талдаулар жасауға мүмкіндік береді.
Медициналық диагностиканы жақсарту	ЖИ жүйелері ауруларды диагностикалау және ауытқуларды табу үшін медициналық кескіндерді (мысалы, рентген немесе МРТ суреттері) талдай алады.
Автономды көлік қозғалысын реттеу	ЖИ автономды көліктерді дамытуда шешуші рөл атқарады, бұл жол апаттарының санын азайтуға және көлік ағындарын оңтайландыруға мүмкіндік береді.
Жекелендірілген ұсыныстар	ЖИ жүйелері пайдаланушылардың мінез-құлқын талдау және онлайн сауда, физиологиялық карта тұтынушылық қызметтер, ойын-сауық және т.б. салаларда жекелендірілген ұсыныстар беру үшін пайдаланылады.
Жасанды шығармашылықты ұйымдастыру	музыка, бейнелер, кітап, эссе, шығарма, сценарий жазу және басқа да өнер түрлерін жасау үшін, сондай-ақ жаңа дизайн мен тұжырымдамаларды әзірлеу үшін пайдалануға болады.
Білім беруге көмек	жекелендірілген білім беру бағдарламалары, оқыту жүйелерін, сайт, платформа, геймофикация, онлайн оқыту, сондай-ақ жұмысты тексеру процестерін автоматтандыру және студенттерге кері байланыс беру үшін пайдаланылуы мүмкін.
Өмір сапасын жақсарту	ЖИ климаттың өзгеруі, денсаулық сақтау, дене бітімі сапасын жақсарту сияқты тб жаһандық мәселелерді шешуге көмектесе алуы.
Ескертпе: Бұл жасанды интеллект әлеуетінің аз ғана бөлігі және оның мүмкіндіктері осы саладағы технологиялар мен зерттеулердің дамуымен кеңейеді.	

Ғылым саласындағы, ғылыми-зерттеу жұмыстарын оңтайландыру, жылдамдату және ғылыми мақалалар жазудағы жасанды интеллект құралы сан алуан. Қазіргі кезде ЖИ қызметтері ірі ғылыми наукометриялық базалармен (Scopus, Академия Google, Microsoft Academic, Index Copernicus, SJR, MedLine, PubMed) интеграцияланып жатқанын көреміз, бұл өз жағдайында көптеген үдерістерді жылдамдататыны анық. Мысалы әдебиеттерге шолу жасайтын ЖИ құралдарын атар болсақ, кеңінен қолданысқа ие болған мына құралдар ерекше: <https://Researchrabbitapp.com>; <https://Connectedpapers.com>; <https://Lumina-chat>.

com; <https://Openread.academy/>; <https://ChatGBT/>; <https://ChatPDF/>; <https://Consensus/>; <https://Elicit.com/>; <https://Jenni.ai/>; <https://www.libgen.is/>.

ЖИ көмегімен әдебиеттерге шолу – тақырыптың теориялық аспектілерін көрсету, алдыңғы зерттеулердің нәтижелерін тексеру, статистикалық мәліметтер жинау, әртүрлі зерттеулердің материалдарындағы қарама-қайшылықтар мен ұқсастықтарды көрсету, мәселенің жеткіліксіз зерттелген аспектілерін анықтау т.б. көптеген сұрақтардың жауабын алуға көмектеседі.

Аудиториялық сағаттарда түрлі презентация, дизайн жасауға негізделген ЖИ арқылы өте жылдам уақытта білім берудің барлық саласын қамтитын дайын шаблондарды алуға болады. Студенттердің көп қолданатын құралдар қатарына <https://www.canva.com/>; <https://tome.app/>; <https://wepik.com/ai/> <https://app.emaze.com/>; <https://www.bing.com/>; <https://www.canva.com> және толып жатқан басқа да жүздеген нейрожелілерді атауға болады.

Тілдерді оқыту, түсіну, аударма жасауға қатысты сонымен қатар білім беруде қазір көптеген нейроаватарлар жасауға арналған ЖИ-мен байланыстырылған чат-боттар, құралдар, нейрожелілерде білім алушылар тарапынан қызығушылық тудырып кеңінен қолданыс табуда. Солардың алдымен қызметтер ауқымы мен функционалы өте көп нейрожелілерге тоқталар болсақ, <https://www.synthesia.io/>. <https://www.heygen.com/>; <https://elai.io/>; <https://www.d-id.com/>; <https://www.deepbrain.io/> осыларды атауға болады. Бұл нейрожелілердің бірнеше артықшылықтарын айтып өтуге болады. Алдымен, функциялардың үлкен таңдауы болуы, екіншіден, 150 ге жуық ЖИ аватарлар тізімінің болуы, үшіншіден, 120-дан артық табиғи тілдер мен дауыстық акценттер, төртіншіден, 60-тан артық дайын бейне шаблондар бар.

ЖИ арқылы табиғи тілді өңдеу. Яғни адам тілінде жазылған мәтін және ондағы ұлттық кодтарды, басты ұғымдарды, нысандарды, кілт сөздер, қарым-қатынастар, эмоциялар, көңіл-күй және басқа да сипаттамаларды тану арқылы әрекет ете алу жатады.

Білім алушының ауызша баяндамаларын тексеруді автоматтандыру, ашық типтегі тапсырмаларды қоса алғанда, тапсырмаларды тексеру мен бағалауды автоматтандыру (эссе, эссе, экспозиция), бейімделген білім беру бағдарламасын іске асыру үшін (инклюзивті білім) ақпаратты нақты уақыт режимінде танудың мақсаты, дауыстар және оны машинада оқылатын түрге және сәйкес командалар форматына аудару қызметтері мен алгоритмдері.

Ren Y., Lan L. (2021). Application and Development Prospect of Artificial Intelligence in Quality Education атты мақаласында «Адамның интеллектісі мен жасанды интеллектінің өзіндік артықшылықтары бар және терең интеграцияның негізіне ие. Екеуінің интеграциясы сыныптағы оқытудың әсерін оңтайландырып қана қоймайды, сонымен қатар білім берудің мәнін сынайды. Жасанды интеллект пен білім беруді интеграциялауды жүзеге асыруға негізделген жүйеде бұлар үш аспект бойынша талқыланады: білім беру тұжырымдамасын қайта құру, әр тараптандырылған білім беру экожүйесін құру және білім беру, жасанды интеллектке кепілдік беру жүйесін оңтайландыру. Бұл жасанды интеллект пен білім берудің интеграциясын жүзеге асырудың негізгі әдісін ұсынады» [14], – дейді.

ЖИ жүйелерінің осындай қарқынды дамуына қарамастан, біздің ойымызша, ол ешқашан адам еңбегін толығымен алмастыра алмайды. Адамда ЖИ-де қайталануы қиын ерекше қасиеттер мен сезімдер бар: интуиция, шығармашылық ойлау, сыни пайымдау, когнитивті икемділік, эмпатия, ізгі ниет және т.б. болашақта әртүрлі компаниялардың қызметкерлері креативті және стандартты емес тапсырмаларды тезірек шеше алады [15].

Жоғарыда аталған екі пайымдауда негізгі тұжырым, жасанды интелектіге негізген қандай нейрожелі болмасын, оның дұрыс кері байланыс жасауы үшін, нақты ақпараттар мен шындыққа жанасымды ой тұжымдарды алу үшін, оларды дұрыс ақпараттар мен қамтамасыз еткізуіміз керек, ұлттық бірегейлігімізді, ұлттық кодды бере алатындай тілдік қорымыздың мәліметтерін тілдік корпустарға жүктей отырып, соларың нейрожелілер арқылы танылып, кері байланыс жасауына ықпал еткеніміз абзал.

ЖИ білім беру үдерісінде бүгінгі таңда өте ауқымды рөлге ие бола отырып, күннен күнге көптеген жаңа мүмкіндіктер мен қажетті қызмет түрлерінің сан алуандығымен

білім беру саласын жылдамдатуда. Бұл өз алдына білім берудегі ЖИ интеграциясы оқу процесін оңтайландыруға ықпал етуді және білім беруді реформалаудың маңызды бағытын анықтауға итермелейді.

ҚР ЖОО жасанды интеллектті интеграциялауды жүзеге асыруға қатысты сұрақтардың шешімін «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде жасанды интеллектті қолдану бойынша ЖОО аралық стандарт Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесі (жоба)» (ҚЗҒЖБМ РОӘК бекілген 2023) стандартынан табуға болады. 8 бөлімнен тұратын бұл стандартта келесідей басты мәселер қарастырылған: ЖИ қатысты пәндік салалар; ЖИ агенттерін пайдалану (чат-боттар, платформалар, талдау жүйелері); оқу үдерісінде ЖИ қолданудың этикалық аспектілері (ашықтық, қолжетімділік, әділдік, нақтылық, авторлық құқық); оқытушыларды даярлау бойынша ұсыныстар (кәсіби біліктілік, заманауи дағды, икемділік, сарапшылық); ЖИ қолдана отырып, жекелеген пәндерді оқытудың принциптері мен әдістемесі; бейінді емес бағыттар үшін «ЖИ негіздері» пәнін кіріктіру; оқу процесінде және және қолдану жөніндегі іс-шаралар білім беру бағдарламаларын оңтайландыру [16].

Білім беру үдерісіне жасанды интеллектті тиімді кіріктіруде мына ұсыныстарды басшылыққа алған дұрыс болады:

Заманауи технологияларды дамыта отырып, еңбек нарығының өзгермелі жағдайлары мен талаптарына үнемі жаңартуды және бейімделуді талап ететін ЖИ-ді пайдалану жөніндегі ішкі нормативтік құжатты әзірлеу;

Білім беру бағдарламаларының мазмұнын қайта қарау және пәндік саланың ерекшелігін ескере отырып, ЖИ технологиясын зерттеу мен қолдануды қосу ұсыну;

Оқу процесінде ЖИ технологияларын қолдану саласында профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету;

Шетелдік университеттермен және ЖИ саласындағы технологиялық компаниялармен кадрлар даярлаудың өз бағыттары бойынша байланыс орнату;

Студенттік бастамаларды, оның ішінде стартап-жобаларды, ЖИ енгізуге қатысты кәсіпкерлік және шығармашылық идеяларды қолдауы, олардың кез келген бастамаларында консультациялық көмек көрсету;

Дуалды оқыту мен инклюзивті білім беруді іске асыру кезінде ЖИ технологияларын белсенді қолдану;

Оқу процесінде ЖИ қолданудың этикалық принциптерін сақтай отырып, академиялық және ғылыми қызметте ЖИ технологиясын қолдану бойынша жағдай жасауды ұсыну.

Қорытынды. «Жасанды интеллектті білім беру процесіне біріктіру оқыту мен автоматтандыру тапсырмаларын жекелеңдіру құралдарын ұсына отырып, оқу процесін оңтайландырудың жаңа көкжиектерін ашады [17]. Дегенмен, табысқа жету үшін мұғалімдерді даярлау және мектепке дейінгі білім берудің арнайы әдістерін әзірлеу сияқты бірқатар мәселелерді шешу қажет. Ерте балалық шақтағы білім беруде жасанды интеллектті дамыту және қолдану нақты ресурстар мен әдістемелерді әзірлеуді және зерттеуді талап етеді. Бүгінгі таңда өнеркәсіп пен білім беруді интеграциялау жоғары білім беруді дамытудың негізгі бағыты болып табылады.

Жасанды интеллект курстарын дамыту оқытушылардың жоғары танымдық қабілеттері мен заманның мықты кәсіби дағдыларын талап етеді. Сондықтан білім берушілердің біліктілігін арттыру қазіргі жоғары білім беруде маңызды болып табылады [18].

«Білім берудің цифрлық трансформациясына бірегей жолын құжаттай отырып және жасанды интеллект білім беру міндеттерін қалай шеше алатынын сараптай алуымыз қажет. Жасанды интеллекттің дамуын зерттей отырып, біз студенттер мен оқытушыларға жасанды интеллекттің және этикаға бағытталған оқу бағдарламалары мен біліктілікті арттыру курстары арқылы жасанды интеллектті туралы мәліметтерді білуге мүмкіндік беруіміз керек» [19, 59].

ЖИ жекелеңдірілген білім беружолдарымен бейімделген оқыту әдістерін ұсыну арқылы оқудың қатысуы мен тиімділігін жақсарту алады. Білім беруде ЖИ-ді қолдану әкімшілік міндеттерді автоматтандыруды, студенттердің өнімділігі бойынша кері байланысты

қамтамасыз етуді және инклюзивтілікті қолдауды қамтиды. Педагогикалық білім беру сапасын жақсарту және оқытушыларды ақпараттандыру мен интеллектуализациялау деңгейін арттыру қажеттілігі сияқты ЖИ-ді білім беруге біріктіруге байланысты белгілі бір проблемаларды ұлттық мүдде тұрғысынан да қарастырған жөн.

Білім берудегі ЖИ интеграциясы оқу процесін оңтайландыруды қамтамасыз етеді және білім беру реформасының маңызды бағытын білдіреді. ЖИ жекелендірілген білім беру тәсілдері мен бейімделген оқыту әдістерін ұсыну арқылы оқытудың бейімделуі мен тиімділігін арттыра отырып, жекелеген білім беру бағдарламаларын ашу, мамандықтар тізбегіне көңіл бөлу.

Жасанды интеллектті білім беру процесіне біріктіре оқыту мен автоматтандыру тапсырмаларын ұсына отырып, оқу процесін оңтайландырудың жаңа көзжиектерін ашады. Жоғары көрсеткіштерге жету үшін мемелкеттік бағдарламалар негізінде мектепке дейінгі білім беру мен жоғарғы оқу орны арасындағы арнайы кешенді ресурстар мен әдістемелерді оқыту әдістерін әзірлеу сияқты бірқатар мәселелердің шешімі табылған кезде тиімді жүзеге асырылады. Орта мектептерде білім беруде ЖИ дамыту және қолдану, әзірлеу, зерттеуді талап етеді.

Адам мен жасанды интеллекттің өзіндік артықшылықтары бар және терең интеграцияға негізделген жүйе болғандықтан, жасанды интеллект пен білім беруді интеграциялауда білім беру тұжырымдамасын өзгерту, әртараптандырылған білім беру экожүйесін құру және құзыретті мамандардың болуына тікелей байланысты.

Әдебиеттер

1. Зулунов Р.М., Тиллавоидиев А.О. Использование технологий искусственного интеллекта в образовательном процессе // *Periodica Journal of Modern Philosophy, Social Sciences and Humanities*. 2022. Т. 12, С. – 137-142
2. Амиров Р.А., Билалова У.М. Перспективы внедрения технологий искусственного интеллекта в сфере высшего образования // *Управленческое консультирование*. 2020. №3. С. 80-88. <https://doi.org/10.22394/1726-1139-2020-3-8088>
3. Гулакова М. В., Харченко Г. И. Интерактивные методы обучения в вузе как педагогическая инновация // – *Концепт*, 2013. № 11. – 20 с.
4. Ляудис В.А. Новая парадигма педагогической психологии и практика инновационного образования // *Вестник Московского университета. Серия 14, №6*. 1998. – 216 с.
5. Құдайбергенова К. С. Формирование готовности учителей общеобразовательных школ к профессиональной самореализации (инновационный аспект): дис. канд. пед. наук. – Алматы: 2002. – 178 с.
6. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы баптары бойынша түсіндірмелері және оны жүзеге асыру жөніндегі негізгі құжаттар. – Астана: 2000. – 117 б.
7. Дмитриева Е.Н. О перспективах и возможностях дистанционного обучения иностранному языку с использованием компьютерных телекоммуникационных сетей. 2001. – 176 с.
8. Мак Эндрю К. Укрощение инноваций: как онлайн-магистратура вернула университету инициативу в преобразованиях // *Вопросы образования*. 2018. № 4. С. 60-80.
9. Амиров Р. А. Стратегия развития высшего образования в России // *Вестник НГИЭИ*. 2019. No 8 (99). С. 105-117.
10. Амиров Р.А., Билалова У.М. Перспективы внедрения технологий искусственного интеллекта в сфере высшего образования // *Управленческое консультирование*. 2020. No 3. С. 80–88.
11. Yang S., Bai H. The integration design of artificial intelligence and normal students' Education. // *Journal of Physics: Conference Series*, 2020. vol. 1453. <https://doi.org/10.1088/1742-6596/1453/1/012090>
12. Suping Q., Qiming F. Research on the Approach to Artificial Intelligence Integrated in Education. *Journal of Gannan Normal University*. 2020 vol. 1570 <https://doi.org/10.1088/1742-6596/1570/1/012063>

13. Kavitha, P., Moorthy, B., Sudharshan, P., & Aarthi, T. (2018). Mapping Artificial Intelligence and Education // International Conference on Communication, Computing and Internet of Things (IC3IoT), 2018 pp. 165-168. <https://doi.org/10.1109/IC3IoT.2018.8668123>
14. Ren Y., Lan L. Application and Development Prospect of Artificial Intelligence in Quality Education. //3rd International Conference on Internet Technology and Educational Informization (ITEI), 2021. pp. 172-175. <https://doi.org/10.1109/ITEI55021.2021.00047>
15. Перспективы внедрения технологий искусственного интеллекта в сфере высшего образования. *Advances in Computers*. <https://doi.org/10.22394/1726-1139-2020-3-80-88>
16. Межвузовский стандарт по применению искусственного интеллекта в высшем и послевузовском образовании Республики Казахстан. – Алматы: 2024. С. – 9
17. Kun Yao Hongchang Yang. Research on the Integration of Artificial Intelligence and Education. *Education Reform and Development*. 2020. <https://doi.org/10.26689/ERD.V2I2.2062>
18. Lei T., Pan F. Practice and Exploration of Conducting Artificial Intelligence Teacher Training in Universities under the Background of Industry Education Integration // *Adult and Higher Education*. 2023. vol 5. 113-117. DOI: <http://dx.doi.org/10.23977/aduhe.2023.051318>
19. Абыканова Б., Салыкбаева Ж., Қайыржан М., Бақтыгереев А. Педагогикалық білім берудегі жасанды интеллект негізіндегі жүйелер: мүмкіндіктері мен сақдары. Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Хабаршысы. 2023. 71(4) 59-72 бб. <https://doi.org/10.47649/vau.2023.v.71.i4.06>
20. ГОСТ Р 59895-2021 Технологии искусственного интеллекта в образовании – Общие положения и терминология, – М.: Наука, 2021. – 149 с.

А.М. ДОСАНОВА

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

З.Н. ЖҰМАТАЕВА

Назарбаев Университет, Астана, Казахстан

Қ.М. АШИРХАНОВА

Атырауский университет им. Х.Досмұхамедова, Атырау, Казахстан

ИНТЕГРАЦИЯ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ПРОЦЕСС: ОБУЧЕНИЯ ЯЗЫКАМ

Аннотация. В статье рассматривается концепция искусственного интеллекта (ИИ), которая в настоящее время переживает бурное развитие. Основное внимание уделяется чат-боту GPT, предлагаемому OpenAI, описываются его особенности и преимущества. С развитием информационных технологий ИИ стал важной темой, вызывающей интерес в сфере образования.

Основной тенденцией в высшем образовании сегодня является интеграция инновационных технологий в учебный процесс для создания более эффективного образовательного процесса. Агенты искусственного интеллекта значительно ускоряют и совершенствуют учебный процесс, предоставляя дополнительные ресурсы и персонализированную поддержку. Они также открывают новые возможности для обучения студентов. Использование искусственного интеллекта при обучении иностранным языкам в университетах имеет ряд преимуществ как для студентов, так и для преподавателей. В этой статье рассматриваются преимущества использования технологий искусственного интеллекта в образовании и приводятся примеры того, как они могут быть применены в академических условиях.

Обсуждается межвузовский стандарт использования искусственного интеллекта в высших учебных заведениях Республики Казахстан и последипломном образовании. Рассматриваются вопросы, связанные с повышением его эффективности и профессиональной квалификации преподавателей. Описываются нормативные документы и этические соображения, связанные с использованием искусственного интеллекта в образовании. Предлагается несколько предварительных условий для успешной интеграции искусственного интеллекта в образование.

Ключевые слова: ChatGPT, искусственный интеллект, интеграция, нейросети, нормативные документы, этические вопросы.

A. DOSSANOVA

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakshtan.

Z. ZHUMATAEVA

Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan.

K. ASHIRKHANOVA

Atyrau University named after Kh. Dosmukhamedov, Atyrau, Kazakhstan.

INTEGRATION OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE INTO THE EDUCATIONAL PROCESS: LANGUAGE TEACHING

Annotation. The article discusses the concept of artificial intelligence (AI), which is currently experiencing rapid development. It focuses on the GPT chatbot offered by OpenAI, describing its specific features and benefits. With the advancement of information technology, AI has become a crucial topic of interest in the field of education.

The main trend in higher education today is to integrate innovative technologies into the learning process to create a more effective and efficient educational experience. AI agents significantly accelerate and enhance the educational process, providing additional resources and personalized support. They also offer new learning opportunities for students. The use of AI in language teaching at universities has several advantages for both students and teachers. This article explores the benefits of using AI technologies in education and provides examples of how they can be applied in academic settings.

The interuniversity standard for the use of artificial intelligence in higher educational institutions in the Republic of Kazakhstan and postgraduate education is being discussed. Issues related to improving its effectiveness and the professional qualifications of teachers are being considered. Regulatory documents and ethical considerations related to the use of AI in education are being described. Several preconditions are being proposed for the successful integration of AI into education.

Keywords: ChatGPT, artificial intelligence, integration, neural networks, regulatory documents, ethical issues.

References

1. Zulunov R.M, Tillavoldiev A.O. Ispol'zovanie tehnologij iskusstvennogo intellekta v obrazovatel'nom processe // Periodica Journal of Modern Philosophy, Social Sciences and Humanities. 2022. T. 12, S. 137-142
2. Amirov R.A., Bilalova U.M. Perspektivy vnedrenija tehnologij iskusstvennogo intellekta v sfere vysshego obrazovaniya // Upravlencheskoe konsul'tirovanie. 2020. No 3. S. 80-88. <https://doi.org/10.22394/1726-1139-2020-3-80-88>
3. Gulakova M.V., Harchenko G.I. Interaktivnye metody obuchenija v vuze kak pedagogicheskaja innovacija // – Koncept. 2013. – № 11. – 20 s.
4. Ljaudis V.A. Novaja paradigma pedagogicheskoi psihologii i praktika innovacionnogo obrazovaniya. //Vestnik Moskovskogo universiteta. Seriya 14, №6. 1998. – 216 s.
5. Kudajbergenova K.S. Formirovanie gotovnosti uchitelej obshheobrazovatel'nyh shkol k professional'noj samorealizacii (innovacionnyj aspekt): dis. kand. ped. nauk. – Almaty: 2002. – 178 c.
6. Kazakhstan Respublikasynyn «Bilim turaly» Zany bapтары бойынша тусиндирмелери және оны zhuzege asyru zhenindegi negizgi kuzhattar. – Astana: 2000. – 117 b.
7. Dmitrieva E.N. O perspektivah i vozmozhnostjakh distancionnogo obuchenija inostrannomu jazyku s ispol'zovaniem komp'juternyh telekommunikacionnyh setej. 2001. – 176 c.
8. MakJendrju K. Ukroshhenie innovacij: kak onlajn-magistratura vernula universitetu iniciativu v preobrazovaniyah // Voprosy obrazovaniya. 2018. No 4. S. 60-80.
9. Amirov R.A. Strategija razvitija vysshego obrazovaniya v Rossii //Vestnik NGIJeI. 2019. No 8 (99). S. 105-117.
10. Amirov R.A., Bilalova U.M. Perspektivy vnedrenija tehnologij iskusstvennogo intellekta v sfere vysshego obrazovaniya //Upravlencheskoe konsul'tirovanie. 2020. No 3. S. 80–88.

11. Yang S., Bai H. The integration design of artificial intelligence and normal students' Education. *Journal of Physics: Conference Series*, 2020. vol. 1453. <https://doi.org/10.1088/1742-6596/1453/1/012090>
12. Suping Q., Qiming F. Research on the Approach to Artificial Intelligence Integrated in Education. *Journal of Gannan Normal University*. 2020 vol. 1570 <https://doi.org/10.1088/1742-6596/1570/1/012063>
13. Kavitha, P., Moorthy, B., Sudharshan, P., & Aarthi, T. (2018). Mapping Artificial Intelligence and Education. *International Conference on Communication, Computing and Internet of Things (IC3IoT)*, 2018 pp. 165-168. <https://doi.org/10.1109/IC3IoT.2018.8668123>
14. Ren Y., Lan L. Application and Development Prospect of Artificial Intelligence in Quality Education. // *3rd International Conference on Internet Technology and Educational Informization (ITEI)*, 2021. pp. 172-175. <https://doi.org/10.1109/ITEI55021.2021.00047>
15. Perspektivy vnedreniya tehnologij iskusstvennogo intellekta v sfere vysshego obrazovaniya. *Advances in Computers*. <https://doi.org/10.22394/1726-1139-2020-3-80-88>
16. Mezhvuzovskij standart po primeneniju iskusstvennogo intellekta v vysshem i poslevuzovskom obrazovanii Respubliki Kazahstan. – Almaty: 2024. S.-9
17. Kun Yao Hongchang Yang. Research on the Integration of Artificial Intelligence and Education. *Education Reform and Development*. 2020. <https://doi.org/10.26689/ERD.V2I2.2062>
18. Lei T., Pan F. Practice and Exploration of Conducting Artificial Intelligence Teacher Training in Universities under the Background of Industry Education Integration // *Adult and Higher Education*. 2023. vol 5. 113-117. DOI: <http://dx.doi.org/10.23977/aduhe.2023.051318>
19. Abykanova B., Salykbaeva J., Qaiyrjan M., Baqtygereev A. Pedagogikalyq bilim berudegi jasandy intelekt negizindegi jüieler: mümkindikteri men saldary. H. Dosmühamedov atyndaғы Atyrau universitetiniñ Habarşysy. 2023. 71 (4) 59-72 bb. <https://doi.org/10.47649/vau.2023.v.71.i4.06>
20. GOST R 59895-2021 Tehnologii iskustvennogo intellekta v obrazovanii – Obşie polojenia i terminologia, – M.: – 2021.

Авторлар туралы мәлімет:

Досанова Альбина Маратханқызы – философия докторы (PhD), Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан.

Досанова Альбина Маратхановна – доктор философии (PhD), старший преподаватель Казахского национального университета имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Dossanova Albina Maratkhanovna – Doctor of Philosophy (PhD), senior teacher of the Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Жұматаева Зейнеп Наятуллақызы – филология ғылымдарының кандидаты Назарбаев университетінің қауымдастырылған профессоры, Astana, Қазақстан.

Жуматаева Зейнеп Наятуллаевна – кандидат филологических наук ассоциированный профессор Назарбаев Университета, Астана, Казахстан, Astana, Казахстан.

Zhumataeva Zeinep Nayatullaevna – Candidate of philological Sciences, associate professor of Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan.

Аширханова Қарлығаш Маштайқызы – философия докторы (PhD), Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау, Қазақстан.

Аширханова Карлығаш Маштаевна – доктор философии (PhD), Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, Атырау, Казахстан.

Ashirkhanova Karlygash Mashtaevna – Doctor of Philosophy (PhD), Atyrau University named after Kh. Dosmukhamedov, Atyrau, Kazakhstan.